

## Жамбыл ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салықтың мөлшерлемелерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 қаңтардағы № 49-232 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 5 ақпанда № 5047 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 70-327 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 29.04.2020 № 70-327 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 546-бабының 3-тармағына сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл ауданы бойынша қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл аудандық мәслихатының " Экономика, бюджет және қаржы мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы  
Жамбыл аудандық мәслихатының хатшысы*

*К. Керімбаев  
С. Жұрын*

Жамбыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы "25" қаңтардағы № 49-232 шешіміне қосымша

## Жамбыл ауданы аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері

Рет №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіштерімен)
1	2	3
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2

2	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	4
7	Астана және Алматы қалаларын және арнайы аймақты қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК